

"Жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелері туралы" мәслихаттың 2022 жылғы 20 сәуірдегі № 172 шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Қостанай облысы мәслихатының 2024 жылғы 12 шілдедегі № 150 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 23 шілдеде № 10241-10 болып тіркелді

Қостанай облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қостанай облыстық мәслихатының "Жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелері туралы" 2022 жылғы 20 сәуірдегі № 172 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 27716 болып тіркелген) шешіміне келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімнің қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жариялаған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қостанай облыстық мәслихатының төрағасы

С. Ещанов

Мәслихаттың
2024 жылғы 12 шілдедегі
№ 150 шешіміне
қосымша
Қостанай
облысы мәслихатының
2022 жылғы "20" сәуірдегі
№ 172 шешіміне
қосымша

Жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелері

Реті бойынша нөмір	Арнайы су пайдаланудың түрі	Өлшем бірлігі	Төлемақы мөлшерлемелері
1	Тұрғын үй-пайдалану және коммуналдық қызметтер	теңге/1 000 текше метр	203,9
2	Өнеркәсіп, жылу энергетикасын қоса есептегенде	теңге/1 000 текше метр	581,6
3	Ауыл шаруашылығы	теңге/1 000 текше метр	160,4
4	Су көздерінен су алуды жүзеге асыратын тоған шаруашылықтары	теңге/1 000 текше метр	160,4

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК